

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 126 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 маусымда N 8-5-72 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 7 шілдедегі N 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010.07.07 N 115 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 қаулысына сәйкес, әлеуметтік мақсатты топтарға жататын жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаражал қаласы бойынша тұрғындардың әлеуметтік мақсатты топтарына енетін тұлғаларды 2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына қабылдайтын кәсіпорындардың тізімі бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Н. Гармашова) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істеуге ықыласты, әлеуметтік мақсатты топтардағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау және жіберу, осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру жөнінде жұмыс берушілермен шарт жасасу және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тиімділігін, жасалған шарттардың орындалуын бақылау жөніндегі жұмыстарды жүргізсін.

3. 2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына жолданған әлеуметтік мақсатты топтағы жұмысшыларға, сонымен қатар қысқартылған жұмысшыларға, еңбекке жарамды жастағы түлектер мен оралмандарға төленетін еңбекақы мөлшерін жұмыс берушілер ай сайын еңбек шартына сәйкес нақты орындалған жұмыс көлемі үшін жүргізеді, және ол 30 000 теңгені құрайды, оның ішінде 15000 теңге Жол картасын іске асыру бағдарламасы шеңберінде Республикалық бюджеттен бөлінген қаржының есебінен, 15000 теңге жұмыс берушілердің қаражаты е с е б і н е н .

4. Қаражал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 15 шілдедегі N 216 "Әлеуметтік

жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қаражал қаласы Әділет басқармасында 2008 жылы 25 тамызда тіркелген тіркеу нөмірі 8-5-57, 2008 жылғы 6 қыркүйектегі "Қазыналы өңір" газетінің N 36 жарияланған).

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары З. Оспановаға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі *Ғ. Мұқашев*
 2009 жылғы 15 мамырдағы N 126
 Қаражал қаласы әкімдігінің
 қаулысына бекітілді

2009 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырған кәсіпорындар тізімі

N	Кәсіпорындар атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Жұмыс көлемі (мың теңге)	
				Қала бюджеті	Жұмыс беруші қаржысынан
1.	"Жәйремәнергоқызметі" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1. Абаттандыру және көгалдандыру,	5	450	450
		2. Жылу маусымындағы жұмыстар	25	2250	2250
2.	"Қаражал қаласының әкімиятының Қалалық коммуналдық шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	1. Абаттандыру және көгалдандыру,	4	360	360
		2. Жылу маусымындағы жұмыстар	8	720	720
	Барлығы:		42	3780	3780